



БҰЙРЫҚ

Астана қаласы
№

ПРИКАЗ

город Астана

2023 жылғы 31 тамыздағы №354-НҚ

«Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамының 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігін, 2022 жылғы таза кірісін бөлу тәртібін, жай акциялары бойынша дивидендтер төлеу туралы шешім қабылдау, бір жай акциясына шаққандағы дивидендтердің мөлшерін бекіту туралы

«Акционерлік қоғамдар туралы» 2003 жылғы 13 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 36-бабы 1-тармағының 7) және 8) тармақшаларына, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы Қазақстан Республикасы Заңының 177-бабы 2-тармағының 3) тармақшасына, «Акциялардың мемлекеттік пакеттеріне дивидендтер мен ұйымдардағы мемлекеттік қатысу үлестеріне кірістер туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 142 қаулысының 3-тармағына, «Хабар» агенттігі» акционерлік қоғамы Директорлар кеңесінің 2023 жылғы «29» тамыздағы бетпе-бет отырысының №4 хаттамалық шешіміне және Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетінің 2023 жылғы «29» тамыздағы №КГИП-03-КГ/8825 хатына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған «Хабар» Агенттігі» акционерлік қоғамның (бұдан әрі – Қоғам) 2022 жылғы жылдық қаржылық есептілігі бекітілсін, мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Д. Қонаев көш., 4-үй, банктік және өзге де деректемелері: БСН: 980 640 000 529, БСК ККМФКЗ2А, ЖСК: KZ74070KK1KS00025004, «Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Қазынашылық комитеті» РММ, БСК: IRTYKZKA, ЖСК: KZ7396503F0009626800 «ForteBank» АҚ, КБЕ 17.

2. Қоғамның таза кірісін бөлудің мынадай тәртібі 2022 жылға арналған 67 821 653 (Алпыс жеті миллион сегіз жүз жиырма бір мың алты жүз елу үш) теңге 17 тиын мөлшерінде айқындалсын:

1) Таза кірістің 70 (жетпіс) пайызын құрайтын 47 475 157 (Қырық жеті миллион төрт жүз жетпіс бес мың бір жүз елу жеті) теңге 22 тиын мөлшеріндегі сома республикалық бюджет кірісіне дивидендтер төлеуге жіберілсін;

2) 30 (отыз) пайызды құрайтын 20 346 495 (Жиырма миллион үш жүз қырық алты мың төрт жүз тоқсан бес) теңге 95 тиын мөлшеріндеге сома материалдық-техникалық базаны дамыту және жетілдіру үшін Қоғамның иелігінде қалдарсын.

3. Бір жай акцияға шаққандағы дивиденд мөлшері анықталсын – 7 (жеті) теңге 58 тиын (дивидендтерді есептеу күні Қоғамның жай акцияларының саны 6 262 070 дана) болып айқындалсын.

4. Қоғам Басқармасының Төрағасы Б. Уәли:

1) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде заңнамада белгіленген тәртіпте Қоғамның акциялар пакеті бойынша дивидендтердің аударылуын қамтамасыз етсін;

2) жылдық қаржылық есептілік бекітілген күннен бастап он жұмыс күні ішінде қаржылық есептіліктің депозитарийін жүргізетін ұйымға электрондық есепті жіберуді қамтамасыз етсін;

3) осы бұйрыққа қол қойылған күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарында Қоғамның 2022 жылға арналған жылдық қаржылық есептілігін жарияласын.

5. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Мемлекеттік активтерді және сатып алуларды дамыту департаментіне жүктелсін.

6. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді және Қоғамның Жалғыз акционерінің шешімі болып табылады.

**Қазақстан Республикасы
Ақпарат және қоғамдық
даму вице-министрі**



Э. Толғанбаев